

**«Каменка ауылының жалпы орта білім мектебінде» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігінің өткізілуі туралы ақпарат 2025–2026 оқу
жылы**

10–21 қараша 2025 жыл аралығында «Каменка ауылының жалпы білім беретін мектебінде» қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігі аясында түрлі іс-шаралар өткізілді. Онкүндіктің ашылуы дәстүрлі түрде тіл мамандары Кульжанова Д.Т. мен Ритгамер О.В. дайындаған салтанатты жиында өтті.

<https://www.instagram.com/p/DQ8cj3ADMoa/?igsh=c2JyYtIwMTdramIz>

10 қараша күні 9-сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кульжанова Д.Т. «Ана тілім» атты викторина өткізді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекетін және зейінін дамыту. Сондай-ақ 3-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кульжанова Д.Т. «Қазақ халқының салт-дәстүрі» тақырыбында презентация көрсетті. Презентация барысында оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы жан-жақты мағлұмат алды. 11 қараша күні 8-сынып оқушылары арасында гуманитарлық пәндер бойынша олимпиада өткізілді. Олимпиада пәндерінің қатарында қазақ тілі де болды. Мемлекеттік тіл бойынша олимпиадаға 8-сынып оқушысы Байғарин Назар қатысып, I орынды иеленді. Оқушыны қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ритгамер О.В. дайындады.

<https://www.instagram.com/p/DQ8c4M-jHai/?igsh=MWZzdjZqNmxjZ2x0Zg==>

12 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ритгамер О.В. 2-сыныпта «Сыйлық жасаймын» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты – бұрын меңгерілген материалды қайталау және тақырып бойынша жана білімдерді игеру.

<https://www.instagram.com/p/DQ8kgNriHhi/?igsh=c2x3OWpieHUwdDl0>

13 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кульжанова Д.Т. 3-сынып оқушылары арасында «Көңілді үзіліс» атты танымдық үзіліс өткізді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, сөздік қорын молайту және дүниетанымын кеңейту.

https://www.instagram.com/p/DQ_y6ENjPKf/?igsh=MXBvZjdmNDAzajE0eg==

17 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кульжанова Д.Т. 5–7-сынып оқушылары арасында «Ең білімді» атты диктант өткізді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың жазу дағдыларын және мәтінді тыңдап қабылдау

қабілеттерін дамыту. Үздік жұмыстар анықталып, оқушылар грамоталармен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/DRMAhZ9jEtD/?igsh=eG40MjR6MnV3Y3Vr>

20 қараша күні 9–11-сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кульжанова Д.Т. эссе жазу жұмысын өткізді. Үздік жұмыстар анықталып, оқушылар грамоталармен марапатталды.

21 қараша күні онкүндіктің жабылуы өтіп, қорытындылар шығарылды. Ең белсенді оқушылар грамоталармен марапатталды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

С.Т.Г.

О.Ритгамер

